ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# Ақтөбе

100 1924-2024 ЖЫЛ

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді
www.aqtobeqazeti.kz, aktobegazeti@mail.ru

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ

№46 (21.494)
7 маусым 2024 жыл, жұма

# Газетімізге — 100 жыл!



## «Ақтөбе» газетінің ұжымына

**Құрметті редакция ұжымы!**

«Ақтөбе» газетінің 100 жылдық мерейлі белесі құтты болсын!

Ғасырлық тарихы бар басылым алғашқы саны жарық көрген күннен бастап қазыналы өңірді өркендетуге атсалысып келеді. Газеттің әрдайым өзекті мәселелерді көтеріп, шынайы ақпарат таратуы, тағылымды әрі танымдық мақалалар жариялауы — соның айқын дәлелі.

Көптеген игі бастаманың ұйытқысы болған қара шаңырақта талай қарымды қаламгер еңбек етіп, өз қолтаңбасын қалдырды. Бүгінде «Ақтөбе» газеті осы сабақтастықты сақтап, жүйрік журналистердің шығармашылық шеберханасына айналды. Сол арқылы ұлттық баспасөздің дамуына зор үлес қосты.

Өзіндік дәстүрі бар беделді басылым болашақта да қалың оқырманның көзайымы болып, ел үмітін ақтай береді деп сенемін.

Баршаңызға бақ-береке, толайым табыс тілеймін!

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының Президенті.**
**Ақорда.**




## Құрметті «Ақтөбе» газетінің ұжымы! Қадірлі оқырман!

Бір ғасырдан бері туған өлкеміздің жылнамасын жазып келе жатқан төл басылым — «Ақтөбе» газетінің 100 жылдық тойы құтты болсын!

Облыстық қоғамдық-саяси «Ақтөбе» газетінің ғасырлық белесі — тек облыс жұртшылығы үшін ғана емес, ұлттық баспасөз бен отандық журналистика тарихындағы айтулы оқиға.

1924 жылдың 7 маусымында «Кедей» деген атпен жарық көрген басылым әр жылдары атауы өзгеріп, «Алға», Социалдық жол», «Социалистік жол», «Батыс Қазақстан», «Коммунизм жолы», «Ақтөбе» болып жарық көрді.

Бір ғасыр — аз уақыт емес. Осы жүз жылда атауы сан рет өзгергенімен, «Ақтөбенің» алған бағыты, мақсат-мұраты өзгерген жоқ — басылым әрдайым тарихтың талай соқпағынан өткен елмен бірге болды, оқырманының «көзі, құлағы һәм тіліне» айналды, халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдады, елмен бірге қуанып, бірге шаттанды.

Отандық журналистиканың өңірдегі ұстаханасына айналған «Ақтөбе» газетінде әр жылдары қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, белгілі қаламгерлер еңбек етті. Басылымның алғашқы бастауында қазақ тілі ғылымының негізін қалаушы Құдайберген Жұбанов, белгілі қаламгер Жиенғали Тілепбергенов секілді біртуар тұлғалар тұрды. Әр жылдары газет редакциясында Қуандық Шаңғытбаев, Ізтай Мәмбетов, Тобық Жармағамбетов, Мұхтар Құрманалин, Құрал Тоқмырзин, Есенбай Дүйсенбайұлы, Қажығали Мұқанбетқалиев, Мейірхан Ақдәулетұлы сынды сөз зергерлері еңбек етті.

Өткен күндердің сарғайған парақтарына қарасақ, «Ақтөбе газеті» Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің I, II дәрежелі дипломдарымен, КСРО Журналистер одағының Құрмет грамотасымен, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Бұл — талай буын қызмет еткен газет ұжымына берілген лайықты баға.

Алдыңғы буын салған сара жолдың дәстүрін, құндылықтарды сақтай отырып, уақыт талабына сай жаңашылдықтарды да меңгерген бүгінгі буынның да мұраты сол бұрынғыдай — елдің мұраты, ұлттың мүддесі үшін қызмет ету.

Бүгінгі «Ақтөбе» ұжымның күн сайынғы тынымсыз еңбегінің арқасында мемлекеттік саясаттың Қазақ елінің батысындағы ең үлкен өңірде жүзеге асырылуын, аймақтың берекелі тірлігін, ел тұрмысын уақытпен үндестіре жазып келеді. Облыстың әр түкпіріндегі қалың оқырманы «Ақтөбені» апта сайын салиқалы ой, салмақты сөз айта алатын сенімді досындай күтеді.

Өңірдің ғасырлық рухани қазынасына айналған басылымның тарих еншісіне өткен бір ғасырлық белесі құтты болсын! Ел мүддесі үшін атқарып жатқан қызметтеріңізге жеміс тілеймін, ұлтымыздың рухын асқақтататын, өңіріміздің атын аспандататын ақжолтай жаңалықтар көп болғай! Басылым ұжымына шығармашылық табыс, отбасы амандығын тілеймін!

**Асхат ШАХАРОВ,**
**Ақтөбе облысының әкімі.**



## «Qassinoil Ltd» жеке компаниясы

**Ақтөбе облысындағы Жаңатұрмыс учаскесінде көмірсутектерді іздеу мақсатында барлау жұмыстарының жобасына «қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.**

**Әсер ету аумағы:** Мұғалжар ауданы Аққемер а с.е. 49° 39' 08" ш.б. 57° 20' 25".

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/88312185475?pwd =6XFU3m6TRzlM6GeeBO75b5ZeWPmocV.1 Конференция идентификаторы: 883 1218 5475. Кіру коды: B0hUX1.

**Қоғамдық тыңдаулар: 17.07.2024** ж сағат **15.00-де.** Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Аққемір а**. о., Аққемір а.,** Есет батыр Көкіұлы к-сі, **34** мекенжайы бойынша Мәдениет үйі**.**

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: https://ecoportal.kz/. Бастамашы — «Qassinoil Ltd» жеке компаниясы, БСН: 221040900351, Астана қ., Сарайшық к-сі, 2-үй тел.: 8-705-739-9554, эл.пошта: gulmira060768@gmail.com

**Жобаны әзірлеуші** — «АктюбНИГРИ» ЖШС, ҚР. Ақтөбе қаласы, А.Бөкейханов көшесі, 17, БСН 981140002504, тел.: 8-701 446-05-26, эл.пошта: geolog@anigri.kz.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады ecoportal.kz. жергілікті атқарушы органның сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru. Қосымша ақпаратты электронды пошта арқылы алуға болады: nurikkou@mail.ru және телефон арқылы+7 701 446 05 26.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылдайды: expert_oos@mail.ru Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекенжайы бойынша.

## «САЛМАҚ ШЕБЕРХАНАЛАРЫ» ЖШС ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті депутаттарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, табиғи монополия субъектісінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғаларды «Салмақ шеберханалары» ЖШС-ның бәсекелес кірмежол болмаған жағдайда жылжымалы құрам үшін кірмежолды беру қызметіне тарифті және тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімін қарау бойынша жария тыңдауға шақырады.**

Жария тыңдау **2024** жылдың **14** маусымы күні сағат 1**0.00-де** Ақтөбе қаласы Жаманқұлова көшесі, 2Л үй мекенжайында өткізілетін болады.

Сонымен қатар көптеген мүдделі тұлғалардың қолжетімді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында, жария тыңдау параллелді түрде департаменттің ресми парақшасында Facebook әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимде де өтеді.

Бұл ретте әрбір тұтынушы онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар (материалдар) бойынша департаментке мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8 (7132) 55-73-38.

«Салмақ шеберханалары» ЖШС-ның байланыс телефоны: 8 (7132) 77-83-24.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «СНПС - Актобемунайгаз» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** Кеңқияқ-надсолевой кен орнының №KW-6,KW-7,KW-8,KW-9,KW-10, KW-11,KW-12 пайдалану ұңғымаларын салу.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 3.06.2024 ж. – 3.07.2024 ж.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы» ММ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Тереңсай ауылына кентішілік газ құбырын салу.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 3.06.2024 ж. – 3.07.2024 ж.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «ЛокТехТранс» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Хромтау ауданындағы Сусановское кен орнының бөлігінде шөгінді тау жыныстарын: кварц құмын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 4.06.2024 ж. – 4.07.2024 ж.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «СНПС - Актобемунайгаз» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** Кеңқияқ-надсолевой кен орнының №K2018 пайдалану ұңғымасын салу.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 5.06.2024 ж. – 5.07.2024 жж.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

Көзделіп отырған қызмет: «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 5.06.2024 ж. – 5.07.2024 ж.